

Қарағанды қаласында тұрмыстық техника өндірісі бағдарламасын іске асыруды жеделдету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 маусымдағы N 843

Қарағанды қаласында тұрмыстық техника өндірісі бағдарламасын іске асыру, шетелдік инвестицияларды тарту, басқарудың озық әдістері және осы заманғы технологиялар негізінде халықтың жоғары сапалы өнімге сұранымын неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қарағанды тұрмыстық техника зауытын" басқару туралы шарт жасау туралы " Самсунг" корпорациясының (Корея Республикасы) ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне "Самсунг" корпорациясымен (Корея Республикасы) "Қарағанды тұрмыстық техника зауытын" басқару туралы шарт жасау тапсырылсын, онда:

осы қаулы қабылданғанға дейінгі келісімдерді реттеу ескеріліп, екі жақтың міндеттемелері мен кепілдіктері;

кәсіпорынның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы міндеттемені корпорация 90 банк күні ішінде орындамаған жағдайда шартты біржақты бұзу мүмкіндігі;

жергілікті шикізат пен материалдардың толық пайдаланылуы ескеріліп, жасап шығарылатын тоңазытқыштар үшін негізгі бөліктерінің өндірісі жөніндегі қуаттары кезең-кезеңімен енгізу;

мұздатқыш камералар, шағын толқынды пештер, кондиционерлер кір жуғыш машиналар, шаңсорғыштар сияқты бәсекеге түсе алатын өнімдердің номенклатурасын бірте-бірте ұлғайту қарастырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кәсіпорынды басқару туралы келісім шарттарының орындалуына бақылау жасайтын өкілін тағайындасын және оған осы қаулыны іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК